

2 апта: Ырыс алды- ынтымақ
2-тақырып. Отбасы ынтымақтастығы

Лектор: Абешова.Н.М
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының
ОҚЫТШЫСЫ

Сабақтың жоспары:

- 1.Оқылым:** мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау.
- 2.Сөйлесім:** өзекті мәселелер бойынша өз пікірін білдіру, дәлелдеу және қорытындылау.
- 3.Жазылым:** лексикалық – грамматикалық тіл ерекшеліктерді меңгеру.
- 4.Тыңдалым:** мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, тапсырмаларды орындау.
- 5.Кері байланыс.**

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

Жаңа сабаққа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін білу, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету;
Тақырыпқа байланысты тіл оралымдарын үйретіп, арнайы мәтіндерді түсініп оқуға, сауатты жазуға дағдыландыру;

Лексикалық – грамматикалық тіл ерекшеліктерін меңгертіп, сауаттылыққа тәрбиелеу;
Сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес жаттығу жұмыстарын жүргізіп, сөйлеу аясын кеңейту;

I. Оқылым.

1. Мәтінді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз, аударыңыз.

Отбасы ынтымақтастығы

Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста (атасы- әжесі, ата-анасы, балалары т.б.) бірлесіп өмір сүретін сыйластық орнаған орта. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады.

Отбасының басты қазығы – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасының әсері мол. Жалпы айтқанда: «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі». Әрбір адамның ар – намысын, ақыл-ойын адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуде отбасының алатын орны ерекше. Сондықтан, отбасын басқа ешнәрсемен өзгертуге болмайды.

Отбасы – шағын мемлекет. Әрбір мемлекеттің өзіне тән сыртқы және ішкі саясаты, кіріс – шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері болса, әр отбасының тұрмыс – тіршілігінің де соған ұқсас заңдары бар. Барлық алыс – жақын туыстық осы отбасынан басталады. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Қазақтың туыстық атаулары 90 – ға жетеді және олар қазақтың салт – дәстүрімен бекітілген. Отбасында негізгі туыстық байланыс – ер адамдар жағымен есептелген. Туыстық жүйенің негізгі ортасы – отбасы болып саналады. Ата –ана – отбасының негізі тірегі. Дәстүрлі қазақ отбасында ата –анасын ерекше құрметтеген.



Отбасы әлеуметтік институт ретінде қоғамның қалыптасуымен бірге пайда болды. Ол – тәуелсіз болғанымен, қоғаммен, оның дамуымен тікелей байланысты қоғамдық құрылымның кіші тобы және алғашқы ұясы. Отбасы – кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері қаны бір туыстығымен, тұрмыстың ортақтығымен және өзара адамгершілік, жауапкершілікпен байланысты болады. Отбасы болашақ азаматтарды ізгілікке, өмірде өз орнын таба білуге, алдында кездесетін кедергілерді жеңе білуге тәрбиелейді. Отбасылық дәстүрді әркім өзі құрып, өзі жалғастырады. Жақсы дәстүрлер отбасына тек қуаныш әкеледі. Даңғаза, бір мезеттік дәстүрлерден гөрі, кішкентай отбасылық дәстүрлеріміз бізді әлдеқайда жақындастыра түсетіні белгілі.

1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Отбасы дегеніміз қандай орта?
2. Отбасы бала тәрбиесіне қалай әсер етеді?
3. Отбасының мемлекетке қандай ұқсас жақтары бар?
4. Отбасының құрамына кімдер кіреді?
5. Қазақ отбасының ерекшелігі не?
6. Отбасының қоғамға қатысы қандай?
7. Сіз жарасымды отбасы дегенді қалай түсінесіз?

II. Сөйлесім.

1. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға жаттығыңыз. Мәтінде кездескен жаңа сөздерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді бірнеше рет қайталап, күнделікті қолданысқа пайдаланыңыз.

2. Топтық жұмыс. Пікір білдіріңіздер.

А тобы. Мектепте қосымша сабақтар бар. Сіздің бауырыңызды бірнеше қосымша сабаққа ата-анаңыз жазды, алайда баланың барғысы келмейді. Ол сабақтардың өмірде маңызды екенін ол әлі түсінбейді. Сіз қалай түсіндірер едіңіз? Қосымша сабақтар: математика, физика, қазақ тілі.

Ә тобы. Асқар 2 курс студенті. Грантта оқиды, алайда мамандығын жақсы көрмейді. Бұл мамандыққа ата-анасының қалауымен түсті. Енді оқуды тастағысы келеді. Егер Асқар сіздің бауырыңыз немесе ағаңыз болса, қандай көмек берер едіңіз?

Асқардың мамандығы: екі шет тілі: ағылшын-корей

3. «Отбасы-шағын мемлекет» тақырыпта құрбыларыңыздан интервью алыңыз.

III. Жазылым.

Өтініш, тілек, сұрау мәнді сөйлем; болар, шығар, қайтеді сөз тіркестері секілді формалармен берілуі.

Лексикалық жолмен жасалған қалау, тілек мәнді сөйлемдер модальдылық рең берумен қатар ондағы айтушының қалауын да білдіреді. Мысалы, «Менің де арманым - балам ер азамат болар» деген сөйлемде «арман» сөзі айтушының тілегін білдіріп отыр.

Морфологиялық жолмен жасалған қалау, тілек мәнді сөйлемдерде шартты райдың «-са», «-се» жұрнақтары жіктеліп келіп, «ғой», «еді», «екен», «етті» көмекші сөздерімен және «ма», «ме» сұраулық шылауларымен жалғанып модальдылық мәнге ие болады. Мысалы: ▭ «-са», «-се» шартты райдың жұрнағына «екен» көмекші сөзі формасында жасалған қалау мәнді модальдық мағына. Мысалы: Анам тезірек келсе екен.

Фразеологиялық тіркестер бұйрық райда айтылып, өтініш, қалау, тілек мәнін білдіреді. Мысалы: Қызым барған жерінде тастай батып, судай сің. Отырғанда, жұмған аузыңды ашпа

1 – тапсырма. Қалау, тілек мәнді сөздердің астын сызып сөйлемдерді тауып, жасалу жолына талдау жасаңыздар.

Әулие атадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен. – О, Момыш, балаңның бауы берік болсын! – Ақментей бабасындай батыр болсын! – Ақмолда Батыр бабасындай мәрт болсын! – Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын! – Домалақ анамыз жар болсын! — десіпті. Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш ағам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен. – Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі, — десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен: Алатаудың қыраны мол еді, Қырағы болсын, құлыным. Қойнауы суға мол еді, 92 Бұлағы болсын, құлыным. Елінің тілегі зор еді, Шырағы болсын, құлыным. Ата тілегі оң еді (Бауыржан Момышұлы). Қонақтар жайғасып отырған соң. Бекей оған қарап: – Шүкіман қарағым, ана жақтан апаңа болысып, орамал әпер, дастарқан жайып жіберсеңші! – деген (М.Әуезов «Абай жолы»)

2 – тапсырма. Дұрыс сөйлемдерді тауып, сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

Бақытты отбасының тірегі – түсінісуде.

Ерлі – зайыптылар бірін – бірі түсінбесе, сыйластықтары артады.

Қиындықтарды тез шешуге болмайды.

Бақытты болудың бір кілті – сыйластықта емес.

Қарындасымды сыйламаймын, көмектеспеймін.

Бауырларымның сабағын оқытамын, балабақшаға апарамын.

3 – тапсырма. Бір тақырыпты таңдаңыз. Қысқаша сипаттап жазыңыз.

«Балалыққа саяхат »

1. Ата-анаңызбен бірге өткізген ерекше мереке
2. Ата-анаңыз сыйлаған ерекше сыйлық
3. Ата-анаңызға ренжіген кезіңіз, бірақ қазір ол сіз үшін қызық естелік
4. Ата-анаңызға айтпай істеген ісіңіз, бірақ қазір ол сіз үшін қызық естелік

4 – тапсырма. Ойтолғау. «Сіздің отбасыңыздағы салт-дәстүрлер». Бір салт-дәстүрді алып, толықтай суреттеңіз.

IV. Тыңдалым. «Тағылым отбасынан басталады» мәтінін тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Барлығын түсіндім ---



Енді түсініп келемін ---



Түсінбедім ---

